

АНАЛИТИКАЛЫҚ БӨЛІМ.

2024-2025 оқу жылының жылдық тапсырмалардың орындалуын талдау

Материалдық-техникалық базасы

«Айгөлек» бөбекжайының материалдық-техникалық базасы педагогикалық талаптарына, қазіргі білім беру деңгейіне, санитарлық нормаларға сәйкес.

Бөбекжай орталық жылу және су жүйелеріне қосылған. Аймақ жөнделген және қоршалған, әрбір топтың жабдықталған өз алаңдары бар. Бөбекжай жұмсақ және қатты құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Топтар жиһазбен, ойыншықтармен, оқу- әдістемелік құралдарымен жабдықталған.

Медициналық кабинет, кір жуатын, ас бөлмелері қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген.

Барлық топтарда 1.Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын,

дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда өз бетінше оқу дағдылары мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру өмірді қорғауға және денсаулықты нығайтуға, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік біліктері мен дағдыларын: мәдени-гигиеналық біліктері мен дағдыларын, мінез-құлық қағидаларын дамытуға, оларды күн тәртібі мен режиміне тартуға, когнитивтік функцияларды дамытуға, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдарда мейірімділік, көңіл бөлу, қамқорлық және өзара көмек атмосферасын құруға, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде тәрбие дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, туған өлкеге, өз еліне, тарихына сүйіспеншілігін тәрбиелеуге бағытталған.

Әрбір топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес пәндік–дамытушы ортасы құрылған.

Биылғы оқу жылында бөбекжай өз алдына бірқатар міндеттерді қойды:

- ❖ Ұйымдастырылған іс-әрекетте және күнделікті өмірде ойын әрекеті арқылы баланың өзін тануға деген қызығушылығын арттыра отырып, өзін-өзі жетілдіруі мен физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік, шығармашылық өсуі тұрғысынан үйлесімділікке қол жеткізу, қабілеттерін ашу, адамгершілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу;
- ❖ ата-ананың бала тәрбиелеудегі оң психологиялық көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- ❖ мектепке дейінгі білім беру мекемесі тәрбиешісінің кәсіби құзіреттілігін дамыту

ПЕДАГОГТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Бөбекжайда оқу-тәрбие жұмысында 10 педагог қызмет етеді, барлығының педагогикалық білімдері бар, Ұіә өткізу әдістемесін біледі. Педагогикалық ұжымның құрамында келесі еңбек өтілі бар:

5 жылға дейін	5 жылдан астам	10 жылдан астам	15 жылдан астам	20 жылдан астам
---------------	----------------	-----------------	-----------------	-----------------

1	5	3	1
---	---	---	---

Тәрбиешілер өздерінің кәсіби - шеберліктерін өздігінше білім алу, біліктілік жетілдіру курстары, семинарлар мен дөңгелек үстел жұмыстарына қатысу арқылы жетілдіреді.

Педагогтардың сапалық құрамы

Білімі бойынша:

Педагогтар саны	Жоғары	%	Мектепке дейінгі жоғары		%	Арнаулы орта	%	Мектепке дейінгі орта	%
10	10	100	2	29		0		0	0

Біліктілік санаты бойынша:

Жалпы педагогтар саны	Педагогтар саны										
	Жоғары санат	Педагог-зерттеуші	%	1 санат	Педагог сарапшы	%	2 санат	Педагог модератор	%	санатсыз	%
10	0	0	0	0	1	10	0	6	60	3	30

Мектепке дейінгі ұйымда санаты бар педагогтардың үлесі біліктіліктің қажетті деңгейіне сәйкес, сонымен қатар санатсыз педагогтар, жаңадан оқуға түскендер, еңбек өтілі жоқ жас мамандар бар.

Жас мамандармен көптеген әдістемелік жұмыс жүргізілді. Тәрбиешілер әрқашан өз білімдерін жетілдіріп, біліктілік көтеру курстарынан өтіп, аттестациядан өтуге ұмтылады. Өздерінің кәсіптік деңгейлерін тәжірибе алмасып, жаңа технологияларды, әдістемелік әдебиеттерді пайдаланып, бір-бірімен ақылдаса көтеріп отырады.

Оқу жылы	Педагогтар саны	Біліктілігін жетілдіру курстарының деңгейі		
		республикалық	облыстық	қалалық
2024-2025	10	1	0	0

Педагогикалық кадрларды дұрыс орналастыру білім деңгейімен еңбек өтілі бойынша қарастырылады.

Педагогикалық кадрлардың сұрақтары педагогикалық кеңес пен өндірістік жиналыстарда қаралады.

Педагогтардың кәсіби күзіреттілік деңгейін көтеру мақсатында, педагогикалық ұжымның жұмысына ізденіс, жаңа мазмұн енгізе отырып, оқу-тәрбие үрдісін іске асыру көзделген болатын сол мақсатта педагогтармен көптеген жұмыстар жүргізілді.

Қойылған міндеттерді орындау мақсатында балабақшада 2024-2025 оқу жылында бекітілген жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің коммуникативтік қабілеттерін дамуына, өзара қарым-қатынаста әрекеттесуі мен шешім қабылдауы, балалардың техникалық болжаудағы дағдылары, мақсатқа жету үшін тпсырмаларды орындау іскерлігі қалыптасты. Айналасындағы әлем туралы жаңа білім алудың алғашқы алғышарттарының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Қазіргі заманауи технологиялар:

- барлық білім беру дағдыларын біріктіруге ("танымдық даму", "әлеуметтік-коммуникативтік даму", "тілдік даму", "көркем-эстетикалық даму"»);
- педагогке балалардың ойынын танымдық-зерттеу және эксперименталды қызметпен біріктіруге мүмкіндік береді.
- танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыруға көмектеседі, сананың қалыптасуын бекітеді;
- баланың қиялын және шығармашылық белсенділігін дамытады;
- құрдастар тобында жұмыс істей білуді қалыптастырады.

Педагогикалық кеңестер отырысы «Педагогикалық кеңестер туралы ережелерге» сәйкес жүргізілді. Педагогикалық кеңесте күн тәртібінде белгіленген сұрақтар талқыланып, кеңес соңында шешім шығарылып, келесі отырыста алдығы педагогикалық кеңестегі шешімнің орындалуы қадағаланып отырылды.

XXI ғасыр технологиясы-мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі робототехника коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал ететін, өзара әрекеттесу дағдыларын дамытатын, шешім қабылдаудағы дербестікке ие болатын, балалардың шығармашылық әлеуетін ашатын керемет құрал.

Осыған орай балабақша ұжымында «Мектепке дейінгі ұйымда жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында заманауи технологияларды қолданып, тәрбиелеу мен оқыту үдерісін сапалы ұйымдастыру» тақырыбында жылдық мақсат анықталынып, сол мақсат барысында жұмыстар жүргізілді.

Әдіскер М.Байгалий жоспарлы осы бағытта жыл бойы тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетті.

Ересек тобының тәрбиешісі Курманова Г. «Ертегілер елінде» тақырыбында ашақ ұйымдастырылған іс-әрекетті көрсетті.

Сондай-ақ атаулы күндерге арналған тақырыптық оқу қызметтері де жоспар бойынша жүгізілді. «Отбасы- бақыт мекені», «Тілім менің тірегім», «Қарттарым асыл қазынам », «Дені саудың-жаны сау», «Шынықсаң, шымыр боласың», «Тәуелсіздік таңында» тақырыптарындағы іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізілді.

Бірінші жартыжылдық міндет бойынша ашық оқу қызметтері ұйымдастырылды.

Мектепалды тобының тәрбиешісі У.Турлыбаева бала бойына рухани құндылықтарды сіңіру, қазақтың салт-дәстүрін насихаттау мақсатында «Әжелер мектебі» біртұтас тәрбие жобасы аясында «Әжемнің сандығы» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.

Орта «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі М.Жексембаева жоспарға сәйкес Жабайы жануарлар тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.

Мектепалды тобының тәрбиешісі А.Мурат «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді және аудандық семинарда өзінің іс-тәжірибесімен бөлісті.

Мектепке дейінгі педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі, педагогикалық этикасы, баламен қарым-қатынас жасау тәсілдері ұлттық менталитетке байланысты екеніне ұжым педагогтері тағы бір мәрте көз жеткізді.

Балабақшадағы әдістемелік жұмыс бұл-оқытудың озық технологияларын тиімді пайдалана отырып, педагогтердің кәсіби деңгейлерін жетілдірудің негізгі жолы, барлық ұжымның шығармашылық дамуына ықпал етеді, оқу – тәрбие үрдісінің сапасын және тиімділігін арттырады. 2024-2025 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді.

- Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық құралдардың әртүрін пайдалана алады және қолдануға үйренеді;
- Бала педагогпен ғана емес ата-анасының бақылауы арқылы тапсырманы орындайды;
- Бала өзіне жайлы орын тандай алады;
- Оқу қызметін видео арқылы қызықты етіп әзірлесе, баланың қызығушылығы одан әрі артады;
- Дәстүрден тыс оқу үлгісіне көшеді;
- Уақытты өзі басқарады;
- Түсінбеген тұстарын видеоны қайта қосу арқылы тыңдау мүмкіндігі бар;
- Педагог-бала-ата-ана тығыз байланыста жұмыс жасайды.
- Баланың жауапкершілігі жоғарылайды.
- Өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланады.

Кемшіліктері:

- Егер ата-ана тарапынан қадағалау болмаса оқу үлгерімі төмендейді;
- Педагогпен кері байланыс орнатылмаса толық түсіне алмайды;
- Командалық және коммуникативтік қабілеттері төмендейді;
- Оқу материалдарын түсіндіруге дәстүрлі оқу қызметімен салыстырғанда уақыттың шектеулі болуынан, балаға тақырып бойынша ақпарат аз беріліп қалады.

Дәстүрлі оқу қызметінде педагог-бала болса, бұл технологиямен жұмыс жасауда педагог-бала-ата-ана болып жұмыс жүргізілмесе нәтиже болмайтынын байқадық.

Қашықтықтан оқыту материалдарын барынша бала жасын ескере отырып, бейнелі оқу-әрекеті, яғни мультфильм, презентация , ертегі, кейіпкерлерін кіріктіру арқылы ұйымдастыру, тақырыпты аша білу, мақсатқа бағытталуын ескере отырып ұйымдастыру педагогтың білімділігі, шеберлігі мен ой-қиялының ұшқыр болуын талап етеді.

2024-2025 оқу жылына балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерінің қорытынды бақылау диагностикасы сауалнама арқылы жасалды .

Бақылау парақтары бойынша келесі қорытынды жасалды: тәрбиеленушілердің білім, білік, дағдыларын игеру бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық.

- ❖ **Күшті жақтары:** «Физикалық қасиеттерді дамыту балалардың жалпы дамытушы жаттығуларды орындауында және денсаулығын нығайтуда негізгі қимылдардың алуан түрлерін жасай алуында жақсы көрсеткішке жеттік. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша коммуникативтік- танымдық қабілеттері, математикалық және логикалық ойлауын қалыптастыруда жоғары көрсеткіш. Сонымен қатар, Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін дамыту, ынтымақтастық, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету, экологиялық сауаттылықты қалыптастыру оң нәтиже берді.
- ❖ **Әлсіз жақтары:** тәрбиеленушілердің түрлі қарым-қатынас жағдаяттарына қатысу және тілдік нормаларды қолдану деңгейі төмен.
- ❖ **Ұсыныстар:** аталған критерийлар негізінде коммуникативтік-тілдік құзыреттілік бойынша жұмысты жетілдіру.
 - Балабақша қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарының талаптарын орындау, мектепке дейінгі мекеменің тиімді дамуына қажетті жағдай жасау, оқу-тәрбие жұмысының сапасын қамтамасыз ету мақсатында:
 - 1.Санитарлық-гигиеналық реттелім, Еңбек қауіпсіздігі техникасы және балабақшадағы балалар мен қызметкерлердің денсаулығы.
 2. Балабақшадағы балалардың тамақтануын ұйымдастыру
 3. МДҰ-ны материалдық-техникалық жасақтау, әкімшілік-шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыру.
 4. Санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды бақылау
 5. Мектепке дейінгі ұйымның есеп беру құжаттарын дайындау жұмыстары жоспарға сай жүргізілді.

Бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша білім беру бағыттарының мониторингі

Жас ерекшеліктері	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру			
		Ж	О	Р	Т	е	Ж	О	Р

								Жоғарғы деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Жоғарғы деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Жоғарғы деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
Ортаңғы топ	25	6	16	3	5	15	5	9	14	2	6	17	2	9	14	2
Ересек	24	17	6	1	15	6	3	16	7	1	14	9	1	16	8	0
Мектепалды топ	22	15	4	3	8	11	3	7	12	3	10	10	2	10	9	3
барлығы	71	38	26	7	28	32	11	32	33	6	30	36	5	35	31	5
%	100	54	37	10	39	45	15	45	46	8	42	51	7	49	44	7

БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША МОНИТОРИНГ

- Физикалық қасиеттерді дамыту
- Коммуникативтік қасиеттерді дамыту
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту
- Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту
- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру



